Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ
ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
(Қабылдау жылы: 2024 жыл)

6В01902 Арнайы педагогика ББ бойынша

Ақтөбе, 2024

ББ атауы және шифры: 6B01902 АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА
4 жылдық (қазақ бөлімі)

Қабылдау жылы: 2024 жыл

3 курс

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 6.1 Зиятында ауытқуы бар балаларға білім беру негіздері (олигофренопедагогика), 30 кредит				
БП ЖК	ZABBMOA 3214	Зиятында ауытқуы бар балаларды математикаға оқыту әдістемесі	5	5
КП ЖК	TDOPPN 3301	Түзете-дамыта оқытудың психологиялық педагогикалық негіздері	5	5
БП ТК	ZhBBZhEBBK EBPPZhA 3215	Жалпы білім беру жүйесіндегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық педагогикалық жетелеу әдістемесі	5	5
КП ЖК	ABBNKA 3302	Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық актілері	5	5
КП ЖК	EBBKBBDOA 3303	ЕББҚ бар балаларға дүниетануды оқыту әдістемесі	5	5
БП ЖК	ZBBSTDA 3216	Зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесі	5	5
Модуль 6.2 Түзете-дамыта және пәндерді оқыту әдістемесі (логопедия), 30 кредит				
БП ЖК	ZABBMOA 3214	Зиятында ауытқуы бар балаларды математикаға оқыту әдістемесі	5	5
КП ЖК	TDOPPN 3301	Түзете-дамыта оқытудың психологиялық педагогикалық негіздері	5	5
БП ТК	KIKBKZh 3215	Кохлеарлық имплантациядан кейінгі балаларды кешенді жетелеу	5	5
КП ЖК	ABBNKA 3302	Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық актілері	5	5
КП ЖК	EBBKBBDOA 3303	ЕББҚ бар балаларға дүниетануды оқыту әдістемесі	5	5
БП ЖК	ZBBSTDA 3216	Зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесі	5	5
Модуль 6.3 Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту теориясы мен технологиясы (сурдопедагогика), 30 кредит				
БП ЖК	ZABBMOA 3214	Зиятында ауытқуы бар балаларды математикаға оқыту әдістемесі	5	5
КП ЖК	TDOPPN 3301	Түзете-дамыта оқытудың психологиялық педагогикалық негіздері	5	5
БП ТК	EMDMZhBOT MD 3215	Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін диагностикалау	5	5
КП ЖК	ABBNKA 3302	Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық актілері	5	5

КП ЖК	EBBKBBDOA 3303	ЕББҚ бар балаларға дүниетануды оқыту әдістемесі	5	5
БП ЖК	ZBBSTDA 3216	Зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесі	5	5
Модуль 7.1 Зиятында ауытқуы бар балалардың даму диагностикасы және менеджмент (олигофренопедагогика), 30 кредит				
БП ЖК	BBMK 3217	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	6	5
КП ТК	EBBKBBPsPD 3304	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы	6	5
КП ТК	AMTZhTA330 5	Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	6	5
КП ТК	ZABBSAO 3306	Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқыту	6	4
КП ТК	ZABBTOA 3307	Зиятында ауытқушылығы бар балаларды тілге оқыту әдістемесі	6	5
БП		Педагогикалық практика	6	6
Модуль 7.2 Сөйлеу бұзылыстарын түзетуде денсаулық сақтау технологиялары және менеджмент (логопедия) 30 кредит				
БП ЖК	BBMK 3217	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	6	5
КП ТК	Logo 3304	Логопсихология	6	5
КП ТК	EBBKBBZhT A3305	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	6	5
КП ТК	PDTBOTU 3306	Логопедиялық тәжірибедегі денсаулық сақтау технологиялары	6	4
КП ТК	MTTP 3307	Психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру	6	5
БП		Педагогикалық практика	6	6
Модуль 7.3 Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту және менеджмент (сурдопедагогика)30 кредит				
БП ЖК	BBMK 3217	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	6	5
КП ТК	EKBBPsPD 3304	Есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы	6	5
КП ТК	EKBBZhTZhT A 3305	Есту қабілеті бұзылған балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	6	5
КП ТК	PDTBOTU 3306	Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесі	6	4
КП ТК	EKBBSTDA 3307	Дактильді ым-ишара тілі	6	5
БП		Педагогикалық практика	6	6

Модуль 6.1 Зиятында ауытқуы бар балаларға білім беру негіздері (олигофренопедагогика), 30 кредит

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Зиятында ауытқуы бар балаларды математикаға оқыту әдістемесі
Бағдарлама авторы: Оразова Ж.У.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушылардың зиятында ауытқуы бар балаларды математикаға оқыту әдістемесінің теориясы бойынша білімдерін кеңейту және оны арнайы мектептегі оқу үрдісінде қолдана білуге дайындау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Берілген пән курсында математикаға оқытудың пропедевтикасы, математикалық білімді меңгеруде зияты зақымдалған балалардың мүмкіндіктерін зерттеу, математика сабақтарында дифференциалды тәсілді жүзеге асыру қарастырылады. Нақты әдістемелік ұсынымдар беріледі. Ақыл-ойында кемшілігі бар оқушыларда математикалық білімді қалыптастыру тәсілдері, оқыту әдістемесінің жалпы сұрақтары, оқу материалының берілуі, қарапайым және аралас есептерді шешуге оқыту кезеңдері қамтылады. Жасанды интеллектті қолдану - компьютерлерге үлгіні тану, тілді өңдеу, жеке түзету оқу бағдарламаларын бейімдеу және т.б. адам интеллектін қажет ететін тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін технологияларды қарастырады.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика
Постреквизиттері: Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі, Арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың теориялық негіздері мен әдістерін бақылау және бағалаудың ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсете алады, соның ішінде жасанды интеллекттіні пайдалану;
В) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарды өз бетінше жинау, өңдеу, талдау, сараптау белгілі-бір мазмұн беру дағдысын меңгереді, академиялық жазу дағдыларын біледі және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданады;
С) Зиятында ауытқуы бар балаларға сандарды атау мен санауды, қарапайым және күрделі арифметикалық есептерді шығаруды, жай және ондық бөлшектерді оқыту әдістемесін талдайды және сараптайды;
D) Зиятында ауытқуы бар балаларға сандарды нөмірлеуді, қарапайым және күрделі арифметикалық есептерді шығаруды, жай және ондық бөлшектерді оқыту әдістемесіне тұжырым жасайды;
Е) Зиятында ауытқуы бар балаларды математикаға оқыту әдістемесінің ғылыми әдістемелік негіздерін және оқыту процесінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың дидактикалық мүмкіндіктерін бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Түзете-дамыта оқытудың психологиялық педагогикалық негіздері
Бағдарлама авторы: Каримова Г.М.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды әртүрлі санаттағы балаларды кешенді зерттеуге және түзете-дамыта оқытуға теориялық және практикалық даярлау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Қазіргі тұжырымдамалардың ғылыми-әдіснамалық негіздері баяндалады. Түзете-дамыта оқыту мазмұнының негізгі бағыттары туралы түсінік беріледі. Қоғамдағы ЕББҚ балаларды коррекциялық қолдау, түзете дамыта оқыту мен интеграция ұғымдары талданады. Мектептегі үлгермеушіліктің себептері, мектептегі дезадаптация ұғымдары қарастырылады. ЕББҚ балалардың бойындағы кемшіліктерді компенсациялау, оқудағы үлгермеушілікті жою, жеке эмоциялық ерік сферасындағы жағымсыз жағдайларға қарсы тұру жолдары көрсетіледі.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика

Постреквизиттері: Зиятында ауытқуы бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы, Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;

B) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін меңгереді;

C) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін талдайды;

D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін топтастырады;

E) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстары туралы өзіндік пікір келтіреді

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)

Пәннің атауы: Жалпы білім беру жүйесіндегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық педагогикалық жетелеу әдістемесі

Бағдарлама авторы: Амантаева Б.И.

Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларды жалпы білім беру жүйесіндегі дамуында кемшілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық жетелеу әдістемесімен таныстыру, практикада қолдана білуге үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Психологиялық-педагогикалық жетелеу әдістемесі тұжырымдамасы, пайда болу тарихы меңгерілген. Психологиялық-педагогикалық жетелеу әдістемесінің теориялық негіздері айшықталған. Психологиялық-педагогикалық және дифференциалды диагностиканы қолдану салалары қарастырылып, психодиагностикалық зерттеудің жалпы принциптері кіріктірілген. Психологиялық, педагогикалық және дифференциалды зерттеу әдістері жіктелген. ЕББҚ балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру мен диагностикалық және кеңес берушілік қызмет көрсету жүйесін қамтыған.

Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика

Постреквизиттері: Зиятында ауытқуы бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарды өз бетінше жинау, өңдеу, талдау, сараптау белгілі-бір мазмұн беру дағдысын меңгереді, академиялық жазу дағдыларын біледі және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданады;

B) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;

C) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі танымдық қызметін жетілдіру әдістерін талдайды;

D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын жүйелейді;

E) Тұлғаға бағдарланған оқыту мен білім беру үдерісінде қарым-қатынас және педагогикалық ынтымақтастықты бағалайды.

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)

Пәннің атауы: Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық актілері

Бағдарлама авторы: Балтымова М.Р.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілу базасы негізінде теориялық білім беру, тәжірибеде қолдана білуге үйрету.
Пәннің қысқаша мазмұны: Курс Қазақстан Республикасының арнайы білім беру саласындағы білім беру процесінің құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілерін реттейтін заңнаманы, нормативтік құжаттар мен ережелерді зерделеуді қамтиды. Курстың мақсаты студенттерді арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық базасын, оның ішінде ЕББҚ бар балалармен жұмысты реттейтін құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілерді білумен және түсінумен қамтамасыз ету, сондай-ақ студенттердің нормативтік актілермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оларды кәсіби қызметте қолдану.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика
Постреквизиттері: Зиятында ауытқуы бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы, Арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
A) Арнайы білім беру педагогының кәсіби қызметінде заманауи технологияларды: денсаулық сақтау технологиялары, ақпараттық және цифрлық ресурстар (жасанды интеллект), арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар, бағалаудың өлшемдік технологиялары, педагогтың кәсіби этикасы, арнайы білім берудегі инновациялық технологияларды қолдану білімдері мен дағдыларын меңгереді, арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық саласының мәнін түсінеді және тәжіребеде қолданылады;
B) Арнайы білім беру педагогының кәсіби қызметінде заманауи технологияларды: денсаулық сақтау технологиясы, арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар, бағалаудың өлшемдік технологияларын тәжірибеде қолданады;
C) Кәсіби этика, арнайы білім берудегі инновациялық технологияларды қолдану білімдері мен дағдыларын меңгереді, арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық саласының мәнін түсінеді және тәжіребеде талдайды;
D) Кәсіби этика, арнайы білім берудегі инновациялық технологияларды қолдану білімдері мен дағдыларын меңгереді, арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық саласының мәнін түсінеді және тәжірибеде топтастырады;
E) Кәсіби этика, арнайы білім берудегі инновациялық технологияларды қолдану білімдері мен дағдыларын меңгереді, арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық саласының мәнін түсінеді және тәжірибе сабақтастығын бағалайды.

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға дүниетануды оқыту әдістемесі
Бағдарлама авторы: Каримова Г.М.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға ЕББҚ бар балаларға дүниетануды оқыту әдістемесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін түсіндіру және оны практикада қолдана білуге дайындау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға дүниетануды оқыту әдістемесі курсы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан адам, қоғам және табиғаттың өзара байланысы мен тәуелділігі туралы білім саласындағы кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. ЕББҚ бар балалардың есте сақтауын, зейінін, ойлауын, қиялын, қабылдауын, сөйлеуін, эмоционалдық және ерікті сферасындағы кемшіліктерді дер кезінде және тиімді түзету мен дамыту мүмкіндіктерін қарастырады.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика.
Постреквизиттері: Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі, Арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар

Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне қоғамды, ата-аналарды ұйымдастыра біледі, тұлғаға бағдарланған оқыту мен білім беру үдерісінде қарым-қатынас және педагогикалық ынтымақтастықты қалыптастыра алады;
В) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;
С) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі танымдық қызметін жетілдіру әдістерін талдайды;
D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын жүйелейді;
Е) Тұлғаға бағдарланған оқыту мен білім беру үдерісінде қарым-қатынас және педагогикалық ынтымақтастықты бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесі
Бағдарлама авторы: Жубатырова Б.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларды зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесімен таныстыру және оны практикада қолдана білуге үйрету.
Пәннің қысқаша мазмұны: Зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың ғылыми-әдіснамалық принциптері, арнайы әдістері, тәсілдері меңгертіледі. Мектепке дейінгі зиятында ауытқуы бар балаларды дұрыс сөйлеуге үйретуді ұйымдастырудың формалары қарастырылады. Зиятында ауытқуы бар балалардың ауызша сөйлеу тіліне оқыту бағдарламасының мазмұны баяндалады. Сөйлеуге үйретудің полисенсорлық әдісі кіріктіріліп, сөйлеу тілін дамытудың жүйелі түрде ұйымдастырылуы туралы ақпарат беріледі.
Пререквизиттері: Арнайы педагогика, Логопедия негіздері.
Постреквизиттері: Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқыту, Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың теориялық негіздері мен әдістерін бақылау және бағалаудың ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсете алады, соның ішінде жасанды интеллекттіні пайдалану;
В) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;
С) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтау әдістері мен оны түзету жұмыстарын талдайды;
D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың әдістерін бақылау және бағалаудың ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін тұжырымдайды;
Е) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың теориялық негіздері туралы өзіндік пікір білдіреді.

Модуль 6.2 Түзете-дамыта және пәндерді оқыту әдістемесі (логопедия), 30 кредит

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Кохлеарлық имплантациядан кейінгі балаларды кешенді жетелеу
Бағдарлама авторы: Амантаева Б.И.
Курсты оқытудың мақсаты: кохлеарлық имплантациядан кейін балаларды кешенді жетелеу кезінде медициналық және психологиялық, техникалық сүйемелдеудің маңызын түсіндіру және сенсорлық және қозғалыс жүйелерінің өзара байланысы сөйлеудің дамуына әсері туралы білімдерін жетілдіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқу барысында логопедтің сурдологпен, сурдопедагогпен өзара әрекеттесу ерекшеліктері, кохлеарлық имплантациядан кейін балаларды кешенді оңалтудың негізгі міндеттері мен бағыттары туралы түсініктер қалыптасады. Пәнді меңгеру процесі өзекті түзету-педагогикалық міндеттерді шешу кезінде білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салалары қызметкерлерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге дайындықты қалыптастыруға бағытталған. Сөйлеу мен дыбыстарды қабылдау, кохлеарлы имплантациясы бар балалардағы сөйлеу және тіл жүйесінің даму ерекшеліктері қарастырылады.
Пререквизиттері: Арнайы педагогика, Логопедия негіздері.
Постреквизиттері: Дұрыс дыбысталуды қалыптастыру әдістемесі, Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесі.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың теориялық негіздері мен әдістерін бақылау және бағалаудың ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсете алады, соның ішінде жасанды интеллекттіні пайдалану;
В) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;
С) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі танымдық қызметін жетілдіру әдістерін талдайды;
D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын жүйелейді;
Е) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың теориялық негіздерін бағалайды.

Модуль 6.3 Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту теориясы мен технологиясы (сурдопедагогика), 30 кредит

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін диагностикалау
Бағдарлама авторы: Амантаева Б.И.
Курсты оқытудың мақсаты: Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін диагностикалауды және оны практикада қолдана білуге үйрету.
Пәннің қысқаша мазмұны: Осы пәнді оқу барысында ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін диагностикалау жүйесі, даму бұзылыстарын психологиялық-педагогикалық жүйелеу, даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың әртүрлі санаттарындағы қызмет бұзылыстарының диагностикалық сипаттамалары қарастырылады. Психологиялық-медициналық мекемелерде балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың, педагогикалық кеңес беру ерекшеліктері анықталады.
Пререквизиттері: Педагогика, арнайы педагогика
Постреквизиттері: Арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар, Балалардың сөйлеу тілі бұзылысын диагностикалау, түзету және алдын алудың нейропсихологиялық негіздері.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;
В) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін меңгереді;

C) Ерте, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін диагностикалаудың маңызын талдайды;
D) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың формаларын топтастырады;
E) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын бағалайды.

Модуль 7.1 Зиятында ауытқуы бар балалардың даму диагностикасы және менеджмент (олигофренопедагогика), 30 кредит

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық
Бағдарлама авторы:
Курсты оқытудың мақсаты: Білім беру ұйымдарындағы тиімді менеджмент және көшбасшылықтың теориялық тәжірибелік негіздерін үйрету, басқарушылық және көшбасшылық дағдыларды дамыту.
Пәннің қысқаша мазмұны: "Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық" пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады және жетілдіріледі.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика.
Постреквизиттері Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
A) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарды өз бетінше жинау, өңдеу, талдау, сараптау белгілі-бір мазмұн беру дағдысын меңгереді, академиялық жазу дағдыларын біледі және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданады;
B) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;
C) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарды өзбетінше өңдейді, талдайды, сараптайды;
D) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарға өзбетінше белгілі бір мазмұн беріп тұжырымдайды;
E) Басқарушылық және көшбасшылық дағдыларды бағалайды.

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы
Бағдарлама авторы: Амантаева Б.И.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың ЕББҚ балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы туралы білімдерін кеңейту және оны практикада жүзеге асыруға дайындау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің мазмұнында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың психологиялық-педагогикалық диагностикасының негізгі бағыттары көрсетілген. Психофизикалық ерекшеліктері бар балаларды психологиялық және

педагогикалық диагностикалаудың мазмұнын, маңыздылығын, заманауи әдістерін, функциялары мен әдістерін, жаңа психотехнологиялық әдістерді игеру жолдары.
Пререквизиттері: Арнайы педагогика, Жасерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена.
Постреквизиттері: Зиятында ауытқуы бар балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы**,** Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;
В) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;
С) Түрлі ауытқуы бар тұлғалармен жүргізілетін түзету жұмыстарын талдайды;
D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын топтастырады;
Е) Түрлі ауытқуы бар тұлғалармен жүргізілетін түзету жұмыстарын бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
Бағдарлама авторы: Туретаева Г.И.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесімен таныстыру, оны практикада қолдана білуге даярлау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі пәнінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, мәні қамтылған. Арнайы мектептегі тәрбие жүйесінің ерекшеліктері айқындалған. Арнайы мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар тәрбие жүйесінің субъектісі ретінде. Тәрбие заңдылықтары, принциптері, әдістері, құралдары, формалары туралы ақпараттар толық кіріктірілген. Тәрбие түрлері қарастырылған. Тәрбие тұжырымдамасына анықтама берілген.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика
Постреквизиттері: Арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар, Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру, білім беру және тәрбиелеу сабақтастығын жүзеге асырады;
В) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін меңгереді;
С) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұнын талдайды;
D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін топтастырады;
Е) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру, білім беру мен тәрбиелеу сабақтастығын бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқыту
Бағдарлама авторы: Оразова Ж.У.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерімен таныстырып, оны практикада жүзеге асыруға даярлау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқытудың әдіснамалық негіздері қамтылған. Лингвистика, психолингвистика, және оның әлеуметтік қызметі теориясы, қазіргі жетістіктері кіріктірілген. Сауат ашуға оқытудың мақсаты, міндеттері қарастырылады. Қалыпты, аномальды даму кезіндегі балаларды сауат ашуға оқытудың заңдылықтары, ерекшеліктері туралы қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қазақ тіліне оқыту, арнайы педагогика қағидалары сараланған.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика.
Постреквизиттері: Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі, Балалардың сөйлеу тілі бұзылысын диагностикалау, түзету және алдын алудың нейропсихологиялық негіздері.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Арнайы білім беру саласында азаматтық және моральдық ұстаным, салауатты өмір салты, табиғат пен қоғамның өзара әрекеттестігінің заңдылықтары, ана тілі және шет тілдеріндегі коммуникациялық бағдарламалар туралы іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады, академиялық адалдық мәдениетінің мәнін, қаржылық сауаттылықты түсінеді, оқытуда жасанды интеллектті қолданады;
В) Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін меңгереді;
С) Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқытудың әдіс-тәсілдерін талдайды;
D) Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқытуда жасанды интеллектті қолданып, тапсырмалар құрастырады;
Е) Зиятында ауытқушылығы бар балаларды сауат ашуға оқыту әдістемесінің қазіргі жетістіктерін бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Зиятында ауытқушылығы бар балаларды тілге оқыту әдістемесі
Бағдарлама авторы: Жубатырова Б.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды арнайы оқу мекемесіндегі қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы іргелі ғылыми-әдістемелік біліммен қаруландыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Курс студенттердің зиятында ауытқушылығы бар балалардың тілге үйрету үдерісі туралы іргелі ғылыми-әдістемелік білімдерін қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлі, ойлау және шындықты білу тәсілі, сондай-ақ арнайы психологиядағы негізгі элементтер, тіл білімі мен психолингвистика деректері, жалпы және арнайы педагогиканың жетістіктері туралы түсінік қалыптастырады.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика.
Постреквизиттері: Арнаулы түзету мектебінде зияты зақымдалған балаларға пәндерді оқыту әдістемесі, Балалардың сөйлеу тілі бұзылысын диагностикалау, түзету және алдын алудың нейропсихологиялық негіздері.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Арнайы білім беру саласында азаматтық және моральдық ұстаным, салауатты өмір салты, табиғат пен қоғамның өзара әрекеттестігінің заңдылықтары, ана тілі және шет тілдеріндегі коммуникациялық бағдарламалар туралы іргелі білімдер мен дағдыларды қолданады, академиялық адалдық мәдениетінің мәнін, қаржылық сауаттылықты түсінеді, оқытуда жасанды интеллектті қолданады;
В) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарды өз бетінше жинау, өңдеу, талдау, сараптау белгілі-бір мазмұн беру дағдысын меңгереді, академиялық жазу дағдыларын біледі және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданады;

C) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарды өзбетінше өңдейді, талдайды, сараптайды;
D) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарға өзбетінше белгілі бір мазмұн беріп тұжырымдайды;
E) Арнайы білім беру саласында ғылыми, әдістемелік, статистикалық және басқа да ақпараттарды бағалайды.

Модуль 7.2 Сөйлеу бұзылыстарын түзетуде денсаулық сақтау технологиялары және менеджмент (логопедия) 30 кредит

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Логопсихология
Бағдарлама авторы: Жубатырова Б.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға сөйлеу тілі бұзылысының психологиялық ерекшеліктерін, түзету жолдарын түсіндіру және оны практикада қолдана білуге үйрету.
Пәннің қысқаша мазмұны: Логопсихология пәні, міндеттері, әдістері, зерттеудің негізгі бағыттары, қысқаша тарихы туралы сипаттама беріледі. Сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету әдістері меңгертіледі. Сөйлеу тілі бұзылыстарының әртүрлі формалары бар психикалық процестердің онтогенезде дамуы туралы зерделенеді. Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тиімді құралдарын анықтау жолдары көрсетілген.
Пререквизиттері: Логопедия негіздері, Арнайы психология.
Постреквизиттері: Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесі, Дұрыс дыбысталуды қалыптастыру әдістемесі, Балалардың сөйлеу тілі бұзылысын диагностикалау, түзету және алдын алудың нейропсихологиялық негіздері.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
A) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;
B) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;
C) Түрлі ауытқуы бар тұлғаларға жүргізілетін түзету жұмыстарын талдайды;
D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін тұжырымдайды;
E) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстары туралы өзіндік пікір білдіреді.

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
Бағдарлама авторы: Туретаева Г.И.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесімен таныстыру, оны оқу-тәрбие үрдісінде қолдана білуге үйрету**.**
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқу барысында ЕББҚ бар балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздері, оның мақсаты, міндеттері, мазмұны, мәні талқыланады. Арнайы мектептегі тәрбие жүйесінің ерекшеліктері анықталады. Осы пән курсында тәрбиенің заңдылықтары, құралдары, формалары қарастырылады, сонымен қатар тәрбие жүйесінің субъектілері ретінде арнайы ұйымдардағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушы мамандардың қызметтеріне сипаттама беріледі.
Пререквизиттері: Педагогика, Арнайы педагогика.
Постреквизиттері: Арнайы білім берудегі IT және цифрлық ресурстар.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру, білім беру және тәрбиелеу сабақтастығын жүзеге асырады;
В) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін меңгереді;
С) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларға білім беру және тәрбиелеу сабақтастығын талдайды;
D) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың формаларын топтастырады;
Е) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру, білім беру және тәрбиелеу сабақтастығын бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Логопедиялық тәжірибедегі денсаулық сақтау технологиялары
Бағдарлама авторы: Балтымова М.Р.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларды логопедиялық тәжірибедегі денсаулық сақтау технологиялары және оны тәжірибеде тиімді қолдану тәсілдері туралы біліммен қаруландыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің мазмұнында курс пәні, мақсаттары, міндеттері мен тұжырымдамалары, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау технологиялары қарастырылады. Білім беру ұйымдарындағы логопедиялық жұмыстың бағыттары, міндеттері мен құралдары сипатталған. Логопедиялық көмекті ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттар (стандарт, бағдарлама, әдістемелік ұсынымдар, авторлық бағдарламалар) қарауға ұсынылды. Логопедтің жұмысында денсаулық сақтау технологиялары мәселелері қамтылған.
Пререквизиттері: Логопедия негіздері, Арнайы психология.
Постреквизиттері: Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесі, Дұрыс дыбысталуды қалыптастыру әдістемесі, Балалардың сөйлеу тілі бұзылысын диагностикалау, түзету және алдын алудың нейропсихологиялық негіздері.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;
В) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін меңгереді;
С) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұнын талдайды;
D) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін тұжырымдайды;
Е) Логопедиялық тәжірибедегі денсаулық сақтау технологияларын қолдану тәсілдерін бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру
Бағдарлама авторы: Жубатырова Б.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқу барысында психикалық дамуы тежелген балалар дамуындағы кемшіліктердің орнын толтыруға, эмоционалдық және тұлғалық саланың жағымсыз ерекшеліктерін түзетуге, оқушылардың оқу әрекетін қалыпқа келтіруге және жақсартуға бағытталған жұмыс жүйесін қарастыруды қамтиды. Пән инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері туралы заманауи ғылыми идеяларды түсіндіреді.
Пререквизиттері: Арнайы педагогика, Арнайы психология.
Постреквизиттері: Сөйлеудің ырғақтық-ритмдік бұзылуын коррекциялау әдістемесі, Дұрыс дыбысталуды қалыптастыру әдістемесі, Балалардың сөйлеу тілі бұзылысын диагностикалау, түзету және алдын алудың нейропсихологиялық негіздері.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
A) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;
B) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;
C) Түрлі ауытқуы бар тұлғалармен жүргізілетін түзету жұмыстарын талдайды;
D) Түрлі ауытқуы бар тұлғалармен жүргізілетін түзету жұмыстарын жүйелейді;
E) Психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктерін бағалайды.

Модуль 7.3 Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту және менеджмент (сурдопедагогика)30 креди

Дублин дискрипторлары (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы
Бағдарлама авторы: Амантаева Б.И.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасымен таныстыру және оны практикада қолдана білуге жаттықтыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Психологиялық-педагогикалық диагностиканың тұжырымдамасы, пайда болу тарихы туралы білімдерді меңгертеді. Есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикасының жалпы теориялық негіздерін анықтайды. Есту қабілеті бұзылған балалардың психиодиагностикалық зерттеудің жалпы принциптерін талдайды. Психологиялық, педагогикалық және дифференциалды зерттеу әдістері туралы баяндалады. Есту қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тексерудің мәні қарастырады.
Пререквизиттері: Арнайы педагогика, Арнайы психология.
Постреквизиттері: Есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларына жаратылыстануды оқытудың теориясы мен технологиясы, Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық техникасы.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
A) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;
B) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін меңгереді;
C) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын талдайды;
D) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың формаларын топтастырады;

Е) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесі
Бағдарлама авторы: Балтымова М.Р.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытудың әдістемесімен таныстыру және сөйлеу бұзылыстарын түзету әдістерін практикада қолдана білуге үйрету.
Пәннің қысқаша мазмұны: Нашар еститін балалармен арнайы мекемеде жеке жұмысты жоспарлау және жүргізудің ерекшеліктері баяндалады. Нашар еститін балалардың қабылдауын дамыту, арнайы сабақтарды ұйымдастырудың принципптері меңгертіледі. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту ерекшеліктері, жеке түзету-ағарту жұмыстары туралы ақпарат беріледі. Нашар еститін бастауыш мектеп оқушыларына арналған есту қабілетін дамыту оқу бағдарламасының мазмұны түсіндіріледі.
Пререквизиттері: Арнайы педагогика, Арнайы психология.
Постреквизиттері: Есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларына жаратылыстануды оқытудың теориясы мен технологиясы, Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық техникасы.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың теориялық негіздері мен әдістерін бақылау және бағалаудың ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсете алады, соның ішінде жасанды интеллекттіні пайдалану;
В) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыра алады;
С) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ауытқушылықтарын анықтаудың әдістерін талдайды;
D) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын тұжырымдайды;
Е) Түрлі ауытқуы бар тұлғалар диагностикасы мен түзету жұмыстарын жүзеге асыруда жасанды интеллекттіні пайдалану мүмкіндіктерін бағалайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Дактильді ым-ишара тілі
Бағдарлама авторы: Балтымова М.Р.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды есту қабілеті бұзылған адамдармен кәсіби қарым -қатынас жасай алатын және түзету-дамыту жұмысын жүргізе алатын маман етіп даярлау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Дактильді ым-ишара тілі, өзіндік ым-ишара түсініктері туралы мол мағлұмат беріледі. Ым-ишара эквиваленттері қарастырылады. Дактильді әліппе және дактильді сандар мазмұнындағы мәелелер қарастырылған. Дактильді ым-ишара тілін ғылымға енгізудегі зерттеулер талданып, меңгертіледі.
Пререквизиттері: Арнайы педагогика, Арнайы психология.
Постреквизиттері: Есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларына жаратылыстануды оқытудың теориясы мен технологиясы, Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық техникасы.
Оқытудан күтілетін нәтижелер:
А) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын қалыптастыру мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;

B) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін меңгереді;
C) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын топтастырады;
D) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың танымдық қызметін жетілдіру әдістерін жинақтайды;
E) Ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұны және формаларын, педагогикалық түзетуші көмек көрсету жүйесін бағалайды.